

егемен
Алғарасат

Өркендеудің өзекті өлшемі

Кеше Премьер-Министрдің орынбасары – Индустрія және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев жұмыс сапарымен Қарағанды облысында болды. Алдымен Теміртауда өткен «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалының кезектен тыс конференциясына қатысып, Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан туындастырылған міндеттердің жүзеге асырылу барысы және партияның қоғамдық талқылауға ұсынған Доктринасы туралы делегаттармен ой бөлісіп, сөз сөйледі. Бұл маңызды құжаттың негізгі бағыттары жан-жақты түсіндірілді. Теміртаулықтармен әңгімелесу Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдаумен жалғасты. Кеше Премьер-Министрдің орынбасары – Индустрія және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев жұмыс сапарымен Қарағанды облысында болды. Алдымен Теміртауда өткен «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалының кезектен тыс конференциясына қатысып, Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан туындастырылған міндеттердің жүзеге асырылу барысы және партияның қоғамдық талқылауға ұсынған Доктринасы туралы делегаттармен ой бөлісіп, сөз сөйледі. Бұл маңызды құжаттың негізгі бағыттары жан-жақты түсіндірілді. Теміртаулықтармен әңгімелесу Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдаумен жалғасты. Министр сондай-ақ, осында кәсіпорындар басшыларымен, кәсіпкерлермен, Президент Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауын түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихаттық топ мүшелерімен кездесті. Мемлекет басшысының ел экономикасын одан әрі нығайту, инновациялық үдерістерді дамыту, өндірісті әртаратпандыру, орта және шағын бизнесі қолдау талаптарына сәйкес атқарылып жатқан іс-шаралар мен міндеттер ортаға салынып, талқыланды. Қатысушылар өздерін толғандырған сауалдар қойып, пікір алмасты. Ә. Исекешев бұдан соң «Сарыарқа» еркін экономикалық аймағында болып, мұнда маңызды бірнеше жобаларды іске асыруши «Бемер Арматура», «Изоплюс Орталық Азия», «Хенву Орталық Азия» ЖШС-лар жұмысына зер салды. Аталған серіктестіктер жетекшілерімен арада «Сарыарқа» ЕЭА мүмкіндігін жетілдіру, инвестициялық белсенелілікті күшету, бірлесіп шешілуге тиісті толғақты мәселелер, кейбір түйткілді жайлар жөнінде әңгіме қозғалды. Өңірдің ғана емес, бүкіл ел экономикасы тынысына жаңа серпін беретін аймақты тез арада өркенді өндіріс ортасына айналдыру мақсатына байланысты ортақ мүдделі міндеттер сараланды. Нысандарды аралаған соң «Қарағанды инвест» және «Металлургия, металл өндеу индустріялық парк» ЖШС басшыларының есебі тындалды. Сонымен бірге Ә.Исекешев автономды энергия құру, экологиялық таза және қалдықсыз өнім өндіру технологиясын қолдануды өндіріске кеңінен енгізуши «Кенжер» АҚ пен кен байыту және тау-кен жабдықтарын жөндейтін «SVK GROUP» компаниясы

тобының өндірістік базасы жұмысымен танысты. Жұмыс сапары соңында Әсет Исекешев облыс әкімі Бауыржан Әбдішевпен бірге аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін талқылауға арналған облыс активімен жиын өткізді. Өзгеріс өлшемі өндіріс саналатын өнір алдына саланы дамыту бағытында нақты міндеттер қойылды.

Айқын Несіпбай